Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу	Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.		Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу	Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру

Толтырған тәрбиеші : С.Сабденова

ЦИКЛОГРАММА
II апт. Желтоқсан 2020ж.
Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша. «Туған өлкем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу				
	Достық Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан 4К моделі, бала үні	Тақпақ жаттау. Отан Е.Өтетілеуұлы Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел. 4К моделі, бала үні	Санамақ Бір үйде біз нешеуіміз? Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балан үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде – бесеуіміз 4К моделі, бала үні	Отан Бақытты боп жүргенім Сенің арқаң, Ұлы Отан. Елім менің –тірегім, Құшағында гүл атам. 4К моделі, бала үні	Туған өлкем . <u>ӨтебайТұрманжанов</u> Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем! 4К моделі, бала үні
Таңертеңгі гимнастика	Желтоқсан айының 2 -аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.Бала үні				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайдыБала үні				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты	1. Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді, арқанның астымен еңбектеп өтуді	2. Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Құм	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Біз бақытты баламыз Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілі»	2.Музыка. Тақырыбы: Аққала Мақсаты: Көңілді сипаттағы әннің	1.Жаратылыстану Тақырыбы:. Туған жердің табиғаты Мақсаты: Туған жердің табиғаты туралы түсіне

рылған оқу қызметтері	үйренеді 1.Құрастыру Тақырыбы: Достық үйі Конструктордан ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастырады. Бөлшектерді ұқыпты құрастырады.	салынған қапшықты нысанаға лақтыру. 1. Мүсіндеу Тақырыбы: Автобус Мақсаты: Балалар көлік туралы түсінеді. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасай алады.	құндылықтарының мағынасын түсінеді.. 2.Сурет. Тақырыбы: Мерекелік шарлар Мақсаты: Балалар тәуелсіздік туралы түсіне отырып, мерекеге арналған шарлар сала алады.	мазмұны менкөңіл күйін қабылдау, музыканытыңдауға,ырғақты сезінебілуді үйренеді.	отырып, тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуді үйренеді 2.Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру.
Серуенге дайындық	Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Қалың қар бар жерлермен жүрмеу. Қарды ауызға салмау туралы түсіндіру. Киіну: Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 1 Боранды бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 10 Шыршаны бақылау. 4К моделі, бала үні.	Картотека № 16 Аязды бақылау. 4К моделі, бала үні.
	Қыс мезгілінің серуен картотекасынан. Картотека қосымша тігілген.				
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Қолғап, етіктерінің су болғанын тәрбиешіге айту, шалбарларын киімдерін кептіруге ілуді үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№9 картотека Арқанын қалтын сақтауға арналған жаттығулар. 4К моделі, бала үні.	№10 картотека Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар 4К моделі, бала үні.	№12 картотека Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу. 4К моделі, бала үні.	№13 картотека Арқанын қалтын сақтауға арналған жаттығулар. 4К моделі, бала үні.	№7. Картотека Майтабанның алдын алу. 4К моделі, бала үні.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму	Картотека №1 «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» 4К моделі, бала үні.	Картотека №2 Әдемі кілемшелер 4К моделі, бала үні.	Картотека №3 «Затты сипаттау» 4К моделі, бала үні.	Картотека №7 Мынау қай пішін? 4К моделі, бала үні.	Картотека №10 «Не жоқ?» 4К моделі, бала үні.

<i>картасына сәйкес жеке жұмыс</i>	ҚАТЫНАС САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тігілген) <i>Жеке баламен жұмыс. Педагог жоспары бойынша. Еркін ойын.</i>				
<i>Серуенге дайындық</i>	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
<i>Серуен</i>	<i>Картотека № 1 Боранды бақылау. 4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі. 4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 8Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 10 Шыршаны бақылау. 4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 16 Аязды бақылау. 4К моделі, бала үні.</i>
	КҮЗ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ				
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу</i>	<i>Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.</i>	<i>Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)</i>	<i>Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.</i>	<i>Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</i>

Толтырған тәрбиеші : С.Сабденова

ЦИКЛОГРАММА
III апта. Желтоқсан 2020ж
Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша. «Астана-Отанымыздың жүрегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<i>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы ата-анамен әңгімелесу.</i>				
	Картотека №1 «Көжсекті жасыр» Мақсаты: Төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауды үйренеді. 4К моделі, бала үні	Картотека №2 «Макарон моншақтар» Мақсаты: Балалар макороннан моншақ жасай алады. 4К моделі, бала үні	Картотека №3 «Шыршаны безендір» Мақсаты: Заттың түсің ажырата біледі. 4К моделі, бала үні	Картотека №7 «Балықты ұста» Мақсаты: балалартүсі арқылы топтастыруды біледі. 4К моделі, бала үні	Картотека №14 Қонжықтар. Мақсаты: Заттардың мөлшерін , шамасын салыстыра алады. 4К моделі, бала үні
	ТАНЫМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген.				
Таңертеңгі гимнастика	<i>Желтоқсан айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Таңғы ас	<i>Ас құрамымен таныстыру. Ас құрамындағы дәрумендерді балаларға айтып түсіндіру. «Ас дәмді болсын!»</i>				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. <i>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</i> Бала үні.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) <i>Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.</i> 1.Сенсорика Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: Балаларға мұнара туралы түсінік бере отырып, түстері бойынша	2.Денешынықтыру Мақсаты: (ҮК) <i>Бір бағытта гимнастикалық орындық үстімен түзу жүруді, доға астынан допты домалатып өтуді біледі.</i> 2.Музыка Тақырыбы: Аққала Мақсаты: Көңілді	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Қазақстаным Мақсаты: Балалар Отанын,елін шексіз сүйге, еліміздің рәміздерін құрметтеуді үйренеді. Сурет салу Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балалар пирамида туралы түсіне отырып, трафарет арқылы сурет сала алады.	1.Музыка Музыка Тақырыбы: Қысқы әуен Мақсаты: <i>Аспаптыңсүйемелдеуіндегіәуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элемент-терн орындай алады.</i> Ұоқ жүргізілу барысы <i>Музыканы тыңдау, мазмұны мен көңіл күйін қабылдай</i>	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Астана-бас қалам» Мақсаты: Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

	пирамида құрастыруды үйрету.	сипаттағы әннің мазмұны менкөңіл күйін қабылдау, музыканытыңдауға,ырғақ тысезінебілуді үйренеді.		білу, аспап-	2.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 8Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні,	Картотека № 9Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні,	Картотека № 10 Шырианы бақылау. 4К моделі, бала үні,	Картотека № 16 Аязды бақылау. 4К моделі, бала үні,	Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні,
	ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген				
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№11. Ояну Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды 4К моделі, бала үні,	№2.1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні,	№3 1. Ояну Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні,	№41. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні,	№51. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні,
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека № 22 «Қыстап қалған құстар?» Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеудіжәне оларды ажыратуды біледі 4К моделі, бала үні,	Картотека №13 «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен танысып ажыратып айта алады. 4К моделі, бала үні,	Картотека № 10 «Отбасы» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. 4К моделі, бала үні,	Картотека №9 «Жануарларға қамқор боламыз»Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. 4К моделі, бала үні,	Картотека № 7 «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін қалыптастыру. 4К моделі, бала үні,
	Әлеумет саласы дидактикалық ойындар картотекасынан. Картотека қосымша тігілген				
Серуенге	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				

<i>дайындық</i>					
<i>Серуен</i>	<i>Карточка № 8Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні,</i>	<i>Карточка № 9Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні,</i>	<i>Карточка № 10 Шыршаны бақылау. 4К моделі, бала үні,</i>	<i>Карточка № 16 Аязды бақылау. 4К моделі, бала үні,</i>	<i>Карточка № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні,</i>
	<i>Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.</i>				
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту .</i>				

Толтырған тәрбиеші : С.Сабденова

ЦИКЛОГРАММА
IV апта желтоқсан 2020ж.
Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша. «Тәуелсіз Қазақстан»

<i>Күн тәртібі</i>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<i>Балаларды қабылдау</i> <i>Ата-аналар-мен әңгіме-лесу.</i> <i>Ойын-дар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</i>	<i>Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл-күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.</i> <i>Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл-күйі туралы білу.</i>				
	<i>Картотека №13</i> <i>Пед жет ойын:</i> <i>«Мамандықтың бәрі жақсы»</i> <i>Мақсаты:</i> Балалар әр түрлі мамандық иелерін ажырата біледі. <i>4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека №16</i> <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Суретші қай жерде қателесті?»</i> <i>Мақсаты:</i> Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба біледі. <i>4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 20</i> <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Бұл қандай құс?»</i> <i>Мақсаты:</i> белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуді біледі. <i>4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 21</i> <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Бұл қай мезгіл?»</i> <i>Мақсаты:</i> қыс мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажырата алады. <i>4К моделі, бала үні.</i>	<i>Картотека № 22</i> <i>Құрлымдалған ойын:</i> <i>«Қыстап қалған құстар?»</i> <i>Мақсаты:</i> белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге және оларды ажырата біледі. <i>4К моделі, бала үні.</i>
	<i>ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (картотека қосымша тігілген)</i>				
<i>Таңертеңгі гимнастика</i>	<i>Желтоқсан айының 4 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.</i> <i>Мақсаты.</i> Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
<i>Таңғы ас</i>	<i>Сауықтыру шаралары:</i> Ауызды жуу, жылы сумен шаю. <i>Ас мәзіріне отыру.</i> <i>Ас мәзірімен таныстыру.</i> <i>Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.</i> <i>Әдептілік ережелерін түсіндіру.</i> <i>Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету.</i> <i>Рахмет айтуға тәрбиелеу.</i>				
<i>Ойындар, ҰОҚ дайындық</i>	<i>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..</i> <i>Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.</i> <i>Асапан ашық, көгілдір</i> <i>Күн шуағын төгіп тұр!</i> <i>Қол ұстасқан біздерді,</i> <i>Тереземнен көріп тұр</i> Бала үні.				
<i>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-</i>	<i>1. Денешынықтыру</i> <i>Мақсаты: (БК)</i> Бір бағытта гимнастикалық орындық үстімен түзу жүру. Доға астынан допты домалатып өту. <i>Ресурстар:</i> Доға, доптар.	<i>1. Көркем әдебиет</i> <i>Тақырыбы:</i> «Туған өлке» Ө. Тұрманжановтың <i>Мақсаты.</i> Өлеңді зейін қойып тыңдай отырып, туған жер туралы өз ойын айта алады.	<i>1. Жаратылыстану</i> <i>Тақырыбы:</i> Біздің Рәміздер <i>Мақсаты:</i> Туған өлке туралы түсіне отырып, туған жерді құрметтеу ұғымын түсінеді. <i>Ресурстар:</i> ҚР-ның	<i>1. Құрастыру.</i> <i>Тақырыбы:</i> «Үй және қақпа» <i>Мақсаты:</i> Балалар құрылыс блоктарымен үй жасауды біледі. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алады. <i>Ресурстар:</i> лево	<i>1. Жапсыру.</i> <i>Тақырыбы:</i> Әдемі жалаушалар <i>Тақырыбы:</i> Әдемі жалаушалар <i>Мақсаты:</i> Жалаушалардың қолдану

тері	Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. Ұйымдастыру кезеңі. . Балалармен амандасу Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру. «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандан) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көжсек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. Тікелей бақылау 3.Жалпы даму жаттығулары: (Доптармен) 1.Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. келу. 2.Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алыс, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру.Б. қ. келу 3. Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алыс, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу. 4. Қос аяқпен секіру. . Б. қ. келу. Тыныс алу жаттығулары: «Алақандағы допты үрлеу». 4 к моделі, бала үні Мазмұн арқылы саралау,	Ресурстар: АҚТ аудио, тақырып бойынша көрнекіліктер Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбер Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Барша жанды құрметтеп, Бас иеміз біз.Бала үні. Суретпен жұмыс Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимараттардың суреттерін іліп, балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою. -Мына суреттер сендерге таныс па? -Біз тұратын ауыл қалай аталады? 4К моделі, бала үні, мазмұн арқылы саралау. Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру. Пед жет жұмыс. Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем, Осы менің туған өлкем! Ой қозғау.: -Балалар, өлең ұнады ма? Не туралы жазылған? Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы. Мадақтау Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып,	рәміздерінің суреті Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкенге де, кішіге Сәлем беріп тұрамыз. Бала үні. II. Ой қозғау. -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыста күн қандай болады? Сендер қыста қандай киім киесіңдер? Бүгінгі ауа райы қандай? Сыни ойлау, бала үні. Ой дамыту. АҚТ технол жұмыс. Балалар назарын рәміздер суретіне аудару. Ту туралы тақпақ жаттату. Әрқайсысын жеке-жеке таныстырып, қайталату. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні. Тосын сәт. Осы кезде есік қағып, бөлмеге қуыршақ Әйгерім келеді. Балалармен амандасады. -Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерім келді. Сендердің ойнағыларың келе ме?Бала үні. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Шарты. Әр түрлі	ойыншықтары, құрылыс материалдары. Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біздің топтың ұл- қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды. Бала үні. II. Ой дамыту. Суретпен жұмыс: -Балаларға суретті көрсетіп, талдау жасау. Балалар сендер мына суретте не көріп тұрсыңдар? Үйлер қандай екен? Үйді жасау үшін қандай құрылыс материалдары керек ? Үйді кім салады? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. Үй құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Бір қабатты үйге төрт текше, екі үшбұрыш керек және оны қалай қою керек екенін түсіндіру. Ал көп қабатты үй жасау үшін бірнеше текшелер, бірнеше кірпіштер қажет болады. Ол үшін текшелерді түстеріне сәйкес орналастыру керек, екі қызыл текше, оның үстіне ұзын сары түсті кірпіш қойылады, оның үстіне екі жасыл түсті текше қойып, сары кірпішті орналастырып, оның үстіне көк түсті	қасиеттері туралы түсінеді. Ресурстар: түрлі түсті жалаушалар, үлгі, желім, әр балаға қағаз, қайшы. Әдіс-тәсілі: 4К, бала үні, Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбері. "Бала, бала, баламыз" Е. Өтетілеуұлы. Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! II. Қызығушылықтарын ояту. Миға шабул Жұмбақ жасыру. Әр мереке сайын, Желбірейді әсем. Қызыл – жасыл әртүрлі, Түстері де көркем. (Жалаушалар) 2. I Ой дамыту 1. Жалаушалар туралы түсінік беру. Ашық сұрақтар .сыни ойлау. -Жалауша дегеніміз не? - Әдемі жалаушаларды қай кезде көресіңдер? Сөздік жұмыс. «Топтастыру» әдісі Оқу ортасы арқылы саралау Балаларды топқа бөлу 1-топ Қызыл 2-топ Сары 3-топ Жасыл Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.
--------------------	---	--	---	--	--

	Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар. 1.Гимнастикалық орындық үстімен түзу жүру. 2.Доға астынан допты домалатып өту. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Қимылды ойын: «Кішкентай мысықтар» Шарты: балалармен бірлесе ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Сыни ойлау, командамен жұмыс Балаларды мадақтау. 2.Сурет салу Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдық жұмыс) Мақсаты:Алақанмен сурет салу қабілеттерімен күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып сала алады. Ресурстар:Тақырып бойынша сурет. Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. ҰОҚ жүргізу барысы Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Бала үні, сыни ойлау. Ой дамыту -Күн туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?	Бір отырып, бір тұрып Бой сергітіп алайық. Құрлымдалған ойын: «Бөліктерді құрастыр» Шарты: Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады. Креативтілік дағды, сыни ойлау, бала үні Қорытынды. Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Не туралы әңгімелестік? Туған жер дегеніміз не? -Біздің аулымыз қалай аталады?Бала үні. Балаларды мадақтау. 2.Музыка Тақырыбы: Қысқы әуен Мақсаты: Аспаптыңсүйемелдеуінд егіәуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерн орындай алады. Ресурстар: Тақырып бойынша материалдар. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі: командада жұмыс жасау Ұоқ жүргізілу барысы Музыканы тыңдау, мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білу, аспаптыңсүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын үйрету. «Полька»(Б.Сметана)әуеніойналып,балалардыкөңілдіқарсыалу. Балаларға демалып отыруды ұсынады. Шырша, жаңа жыл	жсалаушалардың ішінен Қазақстан жсалауын таба білу. Сергіту сәті. Бір қадам әдісі арқылы Ту туралы тақпақты қайталайды. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні. Қуыршақ Айгерім балалармен қоштасады. Құрлымдалған ойын: «Біздің рәміздер» Шарты: Рәміздер суретін ретімен қоя білу. Қорытынды. Бізге қонаққа кім келді? Қандай ойын ойнатты? Балаларды мадақтап, аяқтау 3.Денешынықтыру. Мақсаты: (БК) Гимнастикалық орындық үстімен түзу жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Ресурстар: Доға, доптар. Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. Ұйымдастыру кезеңі. . Балалармен амандасу Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру. «Орман аңдары» 1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру. 2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап,	үшбұрыштарды қоямыз, сонда көп қабатты үй дайын болады. Өз беттерінше жұмыс. Топқа бөлу. Құрлымдалған ойын. «Құрлысшылар үй салады» Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. 1-топ. Лего ойыншықтарынан бір қабатты үй құрастыру 2-топ. құрылыс материалдарынан қақпа құрастыру. Педагог жетекшілігімен ойын: «Көрме» Шарты: балалардың жұмысын таладу. Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Балаларды мадақтау. Көңілді смайктер беру. 2.Денешынықтыру Мақсаты: (БК) Берілген бағытта жсалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. Ресурстар: Жалауша, доптар. Әдіс-тәсілі: 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. 1.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.	Жұмыс жсасудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту. Креативтілік, сыни ойлау, 3. Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету Құрылымдалған ойын. «Біздің көрме» Балалардың жұмысын мадақтау.
--	---	---	---	--	--

	- Жарық, жылу, су, ауа. — Олар жылуды қайдан алады. — Күннің шуағы деген не? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. Сергіту сәті: «Біз кішкентай баламыз» Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. Қарлығаш боп ұшамыз, 1-2-3 өсеміз де, толамыз. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Ұжымдық жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Креативтілік, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Саусақ жаттығуы: «Дос болайық» Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шайса бізге, қуанамыз бәріміз. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын мадақтау.	мерекесін бейнелейтін көрнекілік суреттерді көрсетіп, әңгімелеу. Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. Музыкатың дауы: «Шыр ша» (Ж. Мұхамеджанов) Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Сақалы аппақ күмістей, Тістері аппақ күріштей. Қызыл ала шапаны, Сағындық Аяза таны! Бала үні Әнайту: «Аязата» (Б. Дә лденбай, Ж. Әбдірашев) Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес б и қимылдарын үйрету, ерес ектермен бірге қосыла айту. Бала үні, креативтілік дағды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Ақшақарлар» бий «Вальс» П. Чайковский Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтері н үйретуді жалғастыру. Өнім арқылы саралау,	(қуланып) бір сызықпен жүру. 3. «Көзбек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру. 4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. Тікелей бақылау 3. Жалпы даму жаттығулары: (Доптармен) 1. Б. қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ. келу. 2. Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алишақ, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу 3. Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алишақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу. 4. Қос аяқпен секіру. . Б. қ. келу. Тыныс алу жаттығулары: «Алақандағы допты үрлеу». 4 к моделі, бала үні Мазмұн арқылы саралау, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулар. 1. Гимнастикалық орындық үстімен тұзу жүру. 2. Доға астынан допты домалатып өту. Өнім арқылы саралау, сыни	Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен) 1. Қол мен иыққа арналған жаттығулар: «Тербелу» Б. қ.: аяқ арасы алишақ, қол төменде. а) қолдарды жоғары көтеру. ә) екі жанға тербелу, оңға тербелу. б) солға тербелу. 2. Денеге арналған жаттығулар: «Бағыттаушы» Б. қ.: аяқ арасы алишақ, қол төменде. а) қолдағы гүлдерді жоғары көтеру. ә) алға созу. б) екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу. в) екі қолды жанға созу. г) б. қ. келу. 3. Аяққа арналған жаттығулар: «Алақай!» Б. қ.: тік тұру, қол төменде. а) екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. ә) бір орында секіріп, қолды жанға созу. б) б. қ. келу. Тыныс алу: «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу) . Бастапқы қалыпқа келу. 4 к моделі, бала үні Мазмұн арқылы саралау, Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Тене-теңдікті сақтап жүру.	
--	---	---	--	---	--

		блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. «Қарлақтыру» ойыны («Балаларполькасы» А. Жулинский) Көңілді әуен ойнағанда иісін аңаңдықпен «қарлақтырысу», әуентоқтағанда иісін аңаңдықпен «қарларды» жинау, безендірілген қораларға салу Командамен жұмыс, жаппай бақылау. Қортынды. - Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? - Әннің сипаты қандай екен? - Аяз атам туралы не білесіңдер? Орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Бала үні.	ойлау, бала үні Қимылды ойын: «Кішкентай мысықтар» Шарты: балалармен бірлесіп ойнау. Бір біріне кедергі жасамай жүгіруге дағдыландыру Сыни ойлау, командамен жұмыс Балаларды мадақтау.	2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу. Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні Қимылды ойын: «Қасқырмен қояндар» Сыни ойлау, командамен жұмыс Ойын шарты: Ойын арқылы командамен жұмыс жасау Балаларды мадақтау	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 17 Қар аралас жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека № 12 Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека № 11 Күнді бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека № 9 Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні	Картотека № 8 Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні
	ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. (картотека қосымша тігілген)				
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘНГІМЕ ЖҮРГІЗУ. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып, тамақтануға, нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Біртіндеп ұйқыдан	Жаттығу кешені №6 Балалар тұрайық	Жаттығу кешені №7 Балапандар тұрайық	Жаттығу кешені №8 Ұйқыдан біз тұрамыз	Жаттығу кешені №9 Ұйқыдан біз тұрайық	Жаттығу кешені №10 Көзімізді ашайық

ояту, шынықтыру шаралары	<i>Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. 4К моделі, бала үні</i>	<i>Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні</i>	<i>Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық 4К моделі, бала үні</i>	<i>Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық 4К моделі, бала үні</i>	<i>Аунап, қунап алайық, Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық 4К моделі, бала үні</i>
	Ұйқыдан ояту жаттығу кешені картотекасынан				
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Картотека №6 <i>Пед жет ойын: «Сиқырлы қатшық» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды біледі. 4К моделі, бала үні Педагог жоспары бойынша жеке баламен жұмыс. Еркін ойын Бақылау.</i>	Картотека №7 <i>Пед жет ойын: Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта біледі. 4К моделі, бала үні Педагог жоспары бойынша жеке баламен жұмыс. Еркін ойын Бақылау.</i>	Картотека №9 <i>Құрлымдалған ойын: «Үлкен-кіші»Мақсаты:заттардык өлеміне қарай айыра біледі. 4К моделі, бала үні Педагог жоспары бойынша жеке баламен жұмыс. Еркін ойын Бақылау.</i>	Картотека №10 <i>Құрлымдалған ойын: «Не жоқ?» Ойынның мақсаты: балалар логикалық ойлау арқылы заттарды сипаттай алады. 4К моделі, бала үні Педагог жоспары бойынша жеке баламен жұмыс. Еркін ойын Бақылау.</i>	Картотека № 20 <i>Құрлымдалған ойын: «Қай жануар артық» Мақсаты: Балалар сурет арқылы артық жануарларды ажыратып, сипаттай алады. 4К моделі, бала үні Педагог жоспары бойынша жеке баламен жұмыс. Еркін ойын Бақылау.</i>
Серуенге дайындық	<i>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</i>				
Серуен	Картотека № 17 <i>Қар аралас жаңбырды бақылау. 4К моделі, бала үні</i>	Картотека № 12 <i>Қыстап қалатын құстарды бақылау. 4К моделі, бала үні</i>	Картотека № 11 <i>Күнді бақылау. 4К моделі, бала үні</i>	Картотека № 9 <i>Қырауды бақылау. 4К моделі, бала үні</i>	Картотека № 8 <i>Мұзды бақылау. 4К моделі, бала үні</i>
	ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕШЕНІН БЕКІТУ.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: <i>«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</i> Кеңес: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.				

Толтырған тәрбиеші : С.Сабденова

ЦИКЛОГРАММА
I-апта (қаңтар айы 2021ж.)
кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Табиғат Әлемі»
Тақырыпша: Айналамыздағы өсімдіктер

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б.) Таңертеңгі дене шынықтыру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Айналамыздағы өсімдіктер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	«Өсімдіктер әлемі» Мақсаты: балаларға өсімдіктер әлемі жанды табиғатқа жататыны туралы мағлұмат беру	Жаңа жыл	«Дәрілік өсімдіктер» Мақсаты: Балаларға түрлі ауруды емдеуде өсімдіктің пайдасы бер екендігі туралы мағлұмат беру	«Өсімдіктің бөліктері» Мақсаты: Балаларды өсімдіктің сабағы, жапырағы, гүлі мен тамырын тануға үйрету	«Мен танимын» Мақсаты: Балаларды өсімдіктерді басқа тірі табиғаттан ажырата білуге үйрету
	Таңертеңгі жаттығулар кешені №3 Күралсыз 5-6 минут Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	Ойын- жаттығу Иіліп оңға бір, Иіліп солға бір. Денемізді дұрыстап, Тұрамыз тік ұстап. Ас мәзірімен таныстыру. Түзу дұрыс отырып, тамақтануды дағдыландыру. Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. Бата : Пейіліңе қонақжай Бата берем қолыңжай Ақжарылған жүрегің Қабыл болсын тілегің!				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Ойын: Аққала Ойынның шарты бойынша қиындыдан		«Қыс қызығы» ойынын ойнайық. Ойынның шарты: Балаларға қысқы	«Гүл» саусақойыны Міне, гүлдің бүршіктері Ашылады әдемі Жұмыс барысы үлгі бойы	Дидактикалық ойын: «Гүл құрастыру». Мақалдар. «Гүлді гүлдеме,

	жабыстырылған аққаланың жетіспейтін бөлігін тауып жабыстыру. Ал енді сурет салайық.		боран, аязды күн, тымақ, тон, қысқы табиғат, қарда жүрген аңдар беріледі. Балаларсуреткеқарап әңгімекұрастырады.	ншатүсіндіріледі: - Аққағазғаалдыменқара қарындашпенгүлдіңы ысынсалады. - Ыдысқагүлдіорналасты рады. - Әдеміетіпбаяды Сергітусәті «Бізгүлдершеөсеміз» Жапырағыжайқалған Сабақтарысалалы Желгеырғалыпшайқалғ ан	егерсабағыболмаса». «Гүл – өмірқызығы». «Гүлашылмай, бұлбұлсайрамас». «Гүлшібіргүлегемдеген ше, жүзтіккенніңуынжұтад ы». «Гүлдің тоны қырықжамау. Бірақиісі бар».
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	Музыка «Ормандағы сұр көжек» Мақсаты: Балалард ы ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. .	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Допты бір қолмен лақтыру» Мақсаты: Меңгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекітіп:шағын топпен тұру,педагогтың соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүгіруді үйрету Сөйлеуді дамыту Тақырыбы :«Шырша» Мақсаты: Шырша жайлы түсінік беру.	Сурет салу Тақырыбы: «Қардағы іздер» Мақсаты: Балалард ы Қардағы іздердіңсуретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Допты бір қолмен лақтыру» Мақсаты: Меңгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекітіп:шағын топпен тұру,педагогтың соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүгіруді үйрету	Дене шынықтыру Тақырыбы :«Кегельдер арасымен жүгіру» Мақсаты: Меңгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекітіп:шағын топпен тұру,педагогтың соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүгіруді үйрету Жаратылыстану Тақырыбы :«Айналадағы табиғат» Мақсаты: Балалардың Айналадағы табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді қолдана отырып, жануарлар туралы айту білігін бекіту

«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Қысқы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Қимылды ойын: Ордағы қасқыр Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.		Қар жинайтын машинаны бақылау Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру. Қимылды ойын: Аңшы мен қоян Мақсаты: нысаңаға затты лақтырып тигізу, жугіру, өрмелеп жоғары шыға білу. Еңбек: гүлзарға, ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. Мақсаты: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру.	Саябаққа саяхат. Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жыл тылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану	Күннің көзін бақылау Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі ұясынан сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Тәтті ұйқы»	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				

Күндізгі ұйқыға жатқызу	Құмырсқаның қанағатыертегісін оқып беру.		Қыз бен шалертегісін оқып беру.	Торғай мен тышқанертегісін оқып беру.	Түлкі мен қоянның құйрық алмастыруыертегісін оқып беру.
«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	Мазмұны 2.Керует жанындағы жаттығулар (2 ,5минут) Б. қ. – аяқты алшақ қойып, қолды төменде, - қолды алға созамыз. - қолды жоғары көтереміз. - бірінші қалыпқа келеміз. (3 - 4 рет) Б. қ. – аяқты алшақ, қолды белге қойып, «Сағаттың тілі» 1 - оңға иілеміз 2 - солға иілеміз Бірнеше рет қайталаймыз Б. қ. – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4 - 5 рет) «Қарлығаш» болып ұшамыз «Қоян» сияқты секіреміз. Жай жүру, дем алу.7-8 рет 3.Шынықтыру шарасы. (2-3 минут) Сәби шақтан бастап біз, шынығуды сүйеміз. Ашық күнмен достасып, жалаңаяқ жүреміз. Қыста, жазда әр дайым, айрылмаймыз бәріміз. Шынықтыру жасап біз, мықты болып өсеміз. Әртүрлі жолдармен жүру. 4.Демалуды қалыпқа келтіру Демді қалыпқа келтіру. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!.1,5 мин				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары.Бесін ас.	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау				

«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет	Ертегі. «Қарлығаш пен дәуіт ертегісі» Мақсаты: Бала ларды жақсы мен жаманды ажырата білуге, жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.		«Құстар неге қыстап қалады?» Балалармен қыстап қалатын құстардың не себепті қыстап қалатындары туралы әңгімелесу.	«Кім шапшаң» Мақсаты: Балалардың үй құстары, дала құстарын ажырата білуге білімдерін кеңейту.	Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.
Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	Тышқандар мен мысық. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға тәрбиелеу.		Поезд. Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Жел көбік. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға тәрбиелеу.	Қараторғай ұялары. Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	Балалардың жұмыстарымен таныстыру. Оқу қызметіндегі жетістіктерін мадақтау арқылы жеткізу.		Жобаны таныстыру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.	Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу

Толтырған тәрбиеші : С.Сабденова

ЦИКЛОГРАММА
2-апта (Қаңтар айы 2021ж.)
кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Табиғат Әлемі»
Тақырыпша: Жануарлар әлемі

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б.)	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Жануарлар әлемі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	«Жабайы жануарлар» Мақсаты: Балаларға жабайы жануарлар туралы мағлұмат бере отырып, жабайы жануарлар мен үй жануарларын ажырата білуді үйрету	«Қыс қызығы» Мақсаты: балаларға қыста болатын табиғаттағы өзгерістер туралы мағлұмат беру	«Қыста ұйқыға кететін жануарлар» балаларға қыстай ұйқыға кететін жануарларды атапберу Мақсаты ойын дамытады, сөйлеу қабілетін арттырады	«Жануарлар әлемі» ойыны. Мақсаты: Балаларға жануарлардың тірі табиғатқа жататындығы туралы мағлұмат беру	«Үй жануарлары». Мақсаты: Балаларға үй жануарлары мен оның төлдері және адамға пайдасы туралы түсіндіру
Таңертеңгі дене шынықтыру	Таңертеңгі жаттығулар кешені №4. Құралмен 5-6минут Мақсаты: Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Гигиеналық шаралар Таңғы ас	Ойын – жаттығу Топ-топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады) Ас мәзірімен таныстыру. Түзу дұрыс отырып, тамақтануды дағдыландыру. Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. Бата: Асым, асым, асыма Береке берсін басыма. Уайымдарын жоқ болсын, Тамақтарын тоқ болсын!.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Қыстағы адам еңбегі» Мақсаты: Қыстағы еңбек түрлері туралы	«Кім тапқыр» Мақсаты: Сурет бойынша қыс мезгілінің	«Қыс» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру Мақсаты: Қыс	«Шыршаны сәңдейміз» Мақсаты: балалар екі топқа бөлініп екі	«Тез таңда» Мақсаты: суреттер топтамасынан қыс мезгіліне жатпайтын

	әңгімелеу	ерекшеліктерін ажыратып атауға үйрету	туралы әңгімелеу	шыршаны жарысады	суретті тез табады
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	Музыка 1. «Күшігім менің» Мақсаты: Күшігім менің балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру Тақырыбы :«Кегельдер арасымен жүгіру» Мақсаты: Меңгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекітіп:шағын топпен тұру,педагогтың соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүгіруді үйрету Сөйлеуді дамыту Тақырыбы :«Үй құстарына жем береміз» Мақсаты: Үй құстарына жем береміз» еңбекке баулу	Сурет салу Тақырыбы :«Мұз сүңгілері» Мақсаты: Балаларды «Мұз сүңгілері» суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы :«Доғаның астынан еңбектеу» Мақсаты: Меңгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекітіп:шағын топпен тұру,педагогтың соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүгіруді үйрету	Дене шынықтыру Тақырыбы :«Доғаның астынан еңбектеу» Мақсаты: Меңгерген іскерлік,ептілік дағдыларды бекітіп:шағын топпен тұру,педагогтың соңынан жүру,жүгіру.Тура жолмен жүгіруді үйрету Жаратылыстану Тақырыбы :«Үй жануарлары» Мақсаты: «Үй жануарлары»туралы айту білігін бекіту
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Жайсыз ауа райын бақылау Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады. Қимылды ойын: Үшінші артық Мақсаты: Шапшандыққа баулу. Еңбек: Ауланы қардан	Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. Қимылды ойын: Аяз Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге	Ауыл көшесін бақылау Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру Қимылды ойын: Жанады жанбайды ойыны. Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа	Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Қимылды ойын: ұстап ал	Табиғат күнтізбесі арқылы ауа райын бақылау Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. Қимылды ойын: Арқан тарту! Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру. Еңбек: кішкентай

	тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету.	үйретіп, еңбекке баулу.	жаттықтыру. Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.	Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Еңбек: қарды күреу. Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу.	балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Тәтті ұйқы» Күндізгі ұйқыға жатқызу	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
	Тапқыр қоян ертегісін оқып беру. Музыкамен және ән айтып тын\орн	Жолбарыс жеген түлкі ертегісін оқып беру.	Қожанасырдың май сатып алуы ертегісін оқып беру.	Екі әтеш ертегісін оқып беру.	Қыран мен құзғын ертегісін оқып беру.
«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	3.Шынықтыру шарасы.(2-3 минут) Әдемірекжолдармен Лақтаршабізойнақтап Тастан-тасқасекіріп Жалаңаяқжүреміз. Табанғабізнүктелі Массаж жасаубілеміз. Арнайыжолдарменжүру. 4.Демалуды қалыпқакелтіру Демдіқалыпқакелтіру. Қолұстасыптұрайық, Шеңбердібізқұрайық, Көріскеншекүнжақсы Сау саламат болайық!. 1,5 мин				
«Ас дәмді болсын»	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану				

Гигиеналық шаралары.Бесін ас.	әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң аузын шаюды қадағалау				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет.	Қыс мезгілінің белгілері туралы сұрау.	Д/о: «Дәлосындай пішінді тап» М:Ойлау қабілетін дамыту.	«Қысқы баспана» ертегісін оқу. Үстел үсті ойын	Сөздік ойын: «Ұшады-ұшпайды» М: мұқият болуға үйрету.	2.Д/о: «Мынау қай пішін?» М:Геометриялық пішінді сипалапаны қтау арқылы айта білу.
